Қала құрылысының ерекшелігі. Мінеки біз, оңтүстікке бағытталған Бас қақпадан өтіп Отырарға кіріп келеміз. Отырарда көптеген күмбезді салтанаты ғимараттар бой көтерген. Біз Әмі-Темірдің тапсырысымен 14 ғасырдың соңында салынған Орталық мешітке кіріп келеміз. Мешіт көп күмбезді ғимарат, жоспары төртбұрышты (ені 60 м x ұзындығы 75 м). Мешіттің орта тұсында ашық алаңы болған, оны жағалай қоршап аркалы бөлмелер орналасқан. Бас портал күмбезбен көмкерілген, екі қанатында дөңгелек мұнаралар бой көтерген. Мұнараға дөңеленген текпішекпен көтеріліп азан шақыратын болған.

Мешіт керамикалы кірпіштен салынып, түрлі түсті керамикалы тактайшалармен безендірілген. Айта кететін жайт Отырардың мешіті Самарқандағы Бибіханым, Бұқардағы Калян мешіті сияқты жоспарланған. Отырар кезінде Орта Азиядағы Самарқан, Бұқар сияқты қалалармен терезесі тең, сәулетті қала болған [2].

Отырар сарайы. Мінеки біз орталықта орналасқан Ішкі қалаға жақындап келеміз. Тарихи әдебиетте, ортағасырда бик қорғанмен қоршалған Ішкі қаланы, цитадель, арк немесе кремль деп атайды. Өздеріңіз көріп отырғандай Отырардың кремлі осындай сәулетті болған. Отырарда көптеген күбезді салтанаты ғимараттар бой көтерген [6].



Сурет №2. – Отырар қалашығының құсұшар биіктен көрінісі

Қазір біз Хан сарайын тамашалап отырмыз. Хан сарайы төрт бұрышты симметриялы жоспарланған, бас портал күмбезбен көмкерілген, екі қанатында мұнаралар бой көтерген. Хан сарайының орта тұсында ашық алаң жоспарланған, оны жағалай қоршап аркалы бөлмелер орналасқан. Бас порталдың алдында Кайырханның алтын тағын көріп отырсыздар, мұнда хан көпшілікпен кездесіп, мәжілістер өткізетін болған. Бұл жерде хан, уәзірлер, ғұламалар кеңес құрып осында үкім шығарған.

Кремльдің ішкі жағында кеңселер, сарай қызметкерлерінің мекен жайлары, бау-бақшалары, ат қоралары орналасқан. Аталмыш ғимараттар модулі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен бірдей, яғни 1 кез 60,6 смге тең болған. Мысалы, Отырар мешітінің өлшемі мынадай - ені 100 кез ұзындығы 125 кез, демек метрлік өлшемде ені 60 м x ұзындығы 75 м ге сай келеді.

Өздеріңіз байқап отырғандай, Отырардың негігі құрамы тұрғын кварталдар болатын [6].

Тұрғын кварталдар әдетте 8-15 шақты үйделерден құралып, қам кірпіштен қаланған. Үйлер бөлмелері, терең орналасқан ошақ каналдарымен жылытылған. Яғни жылы еден (орысша айтасақ теплые полы) сол кезде Отырарда болған.



Сурет №3. – Отырар кварталдарының көрінісі

Айта кететін жайт, магистрант үйлердің жоспарларын, шартты түрде, төбесінде көрсеткен. Бұл қала жоспары нақты археологиялық деректерге сай орындалғанын білдіреді [5]. Қалада зергерлер, теміршілер, құмыра және шыны бұйымдарын жасайтын ұсталар тұратын кварталдар болды. Мінеки біз шеткі көшелердің бірімен шеберлер кварталына келе жатырмыз. Негізінде Отырардың керамика өндірісі қаланың сыртында, оңтүстік-шығысында орналасқан, жалпы аумағы екі гектар жерді алып жатыр. Балшықтан жасалған бұйымды күйдіруге арналған ошақ, екі қабатты болған.

Бірінші қабатында от жағылады, екінші қабатында ыстық ауа өтетін түтіктері бар алаңша орналасқан, оған ыдыстарды жайғастырып отқа күйдірген. Отырарда керамикадан құмыралар, легендер ал шыныдан ыдыстар, моншақтар, шүмектер жасаған. Карл Байпақовтың Жібек жолындағы Қазақстан кітабында Отырарда шыны жасау технологиясы Қытайдан басым болған деп жазған. Биіктігі адам бойындай үлкен құмыралар астық сақтауға арналған. Олар арнаулы дүкендерде сатылымға қойылған

Орталық базар алаңы. Шымкент қаласының Батыс дарбазасы маңында Орталық базар орналасқан. Кезінде Қазақстанда базар, жәрмеңкелер қалың жұрттың қайнаған ортасы болған. Мұнда айтыскер ақындар, кернейшілер-сырнайшылар, балуандар өнер көрсеткен. Қала шетінде мал базар бар. Ондағы қазіргі кездегі түйекештер туристерді қыдыруға дайын болып тұр. Сол жағымызда күбезбен көмкерілген орталық базар, ал қарсы алдымызда жазғы базар сөрелері орналасқан. Бұл жерге шет елдік туристер көптеп келеді. Келешекте Отырар осындай үрдісте қалпына келтіріледі деп үміт артамыз.



Сурет №4. – Бас дарбаза маңындағы жәрмеңке көрінісі

Сөрелерде, ер-сайман, зергерлік бұйымдар, жалпы ұлтық қол өнер бұйымдары сатылымға қойылған. Базарда көкөніс, кептірілген жеміс- жидек сөрелері, шайханалар орналасқан.

Қорытынды. Ғылыми жұмыс тарихи әдебиет көздері, археологиялық, картографиялық материалдардың негізінде орындалды. Аталмыш құжаттар негізінде қаланың тарихи сәулеттік бейнесі, оның айрыша нысандары қалпына келтірілді. Ортағасырдағы Отырардың сәулеттік бейнесін қайта қалпына келтіру - ашық аспан астындағы мұражай, сауда-саттық, қолөнер бұйымдары орталығын ұйымдастырып жандандыруға септігін тигізеді [4]. Айта кететін жайт, қала құрылыс бейнесін компьютерде қалпына келтіру әдісі алғаш рет орындалып отыр, әзірше басқа елдерде мұндай әдіс болған емес. Бұл ғылыми жұмыстың өзіне тән ерекшелігі бар. Мысалы, тарихи деректер ашылса қала құрылысы бейнесін толықтыруға болады [5]. Университет

диссертациялық кеңесі аталмыш жұмысты жоғары бағалады, кеңеске арнайы келген Отырар ауданы әкімі Ерлан Айтаханов қатысты, оған бейнефильмнің алғашқы нұсқасы тарту етілді. Аталмыш диссертациялық жұмыс 2018 жылы Молдавия астанасы Кишиневте өткен Евразиялық жоғарғы оқу орындарының түлектері жарысында жұлделі 3 орынды иеленді.



Сурет №4. – Диссертация соңында Отырар ауданы әкімі Е.Айтахановтың құттықтау сәті

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Елбасы Н.А.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасысы
- 2 К.Байпаков, Древние города Казахстана. Алматы:«Аруна Ltd.», 2007;
- 3 Бухара: музей под открытым небом. Ташкент 1991. Стр. 25-32
- 4 А.Н.Юсупов Отырардың туризмін дамыту-табысты, «Айғақ» 19.03.2014
- 5 Отырарды қайта тақалпына келтіру туралы бейнефильм /kone-otyrardy-kaita-kalpyna-keltiru-boiynsha-tyн-bastama
- 6 Когда бы был Восток не стоь богат. «Панорама Шымкента» 08.06.2018
- 7 Свод памятников истории и культуры Южно-Казахстанской области. Отрарский район. Институт Археологии им. А.Х.Маргулана. Алматы, 2007.

Аннотация: Статья посвящена реконструкции градостроительства городища Отырар. В период средневековья Отрар являлся одним из крупнейших центров торговли и городской цивилизации. Исследование выполнено на основе литературных источников, археологических и картографических материалов и научных исследований. На основе указанных материалов восстановлен исторический архитектурный образ городища и его уникальных объектов. Возрождение средневекового облика города позволит создать музей под открытым небом, центр для торговли, место ежегодных мероприятий народного искусства. Для точности воспроизведения архитектурно-художественного вида использованы аналоги объектов в городах Бухары Узбекистана и Сарай Бату России. Статья состоит из презентационного стенда и пояснительной записки, также выполнено анимационный видеофильм – 13 минут с использованием современных компьютерных программ: 3DsMax, CorelDraw, Lumion.

Ключевые слова: городище Отрар, Великий шелковый путь, градостроительство, шахристан,

Abstract: This paper is devoted to the reconstruction of the urban development of ancient settlement Otrar. In the middle ages, the city of Otrar was one of the largest centers of trade and urban civilization. This work is based on literary sources, archaeological and cartographic materials, and

scientific research. Based on these materials, the historical architectural image of the settlement and its unique objects was restored. The revival of the medieval appearance of the city will allow to create an open-air Museum, a center for trade and a place for annual folk art events.

In order to accurately reproduce the architectural and artistic appearance, analogs of objects in the cities of Bukhara in Uzbekistan and SarayBatu in Russia were used. The work consists of a presentation stand and an explanatory note and video was made (13 minutes). Which is made using modern computer programs: 3Ds Max, CorelDraw, Lumion.

Keywords: Otrar settlement, Greatsilk road, urban development, shahristan

УДК: 517.9 (075.8)

Байдибекова А.О.

педагог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ӘЛ-ХОРЕЗМИ: АЛГЕБРАНЫҢ ДЕРБЕС ҒЫЛЫМ БОЛУЫ

Түйін: Арабтардың арифметикасы, әл-Хорезмидің «Үнді есебінен» басталады. Мұның бірінші б-лігінде санаудың үнділік ондық позициялық жүйесі жөнінде түсінік берді, яғни мұнда кез-келген санды тоғыз «Үнді цифрлары» және нөл таңбасы арқылы қалай кескіндеуге болатыны көрсетіледі, екіншісінде бүтін сандарға, ал соңғы бөлімінде алпыстық және жай бөлшектерге амалдар қолдану ережелері айтылады, квадрат түбір табу әдістері көрсетіледі... Позициялық ондық жүйеде сандардың жазылу әдісін түсіндіре келіп, әл-Хорезми бірлік, ондық, жүздік және мыңдық атауларды ғана пайдаланып үлкен сандарды атауды үйретеді. Мысалы, 1180703051492803. Сонан кейін үнді үлгісі бойынша арифметикалық амалдар орындау мұқият түсіндіріледі амалдарды үлкен разрядтан бюста орындау талап етіледі. Әл-Хорезми екі еселеу және екіге бөлу өз алдына дербес амалдар деп санайды. Әл-Хорезмидің сандарды қандай цифрлар арқылы пайдаланғаны белгісіз, өйткені оның арифметикалық трактатының арабша қолжазбасы белгісіз, оның латынша аудармасы ғана бізге жеткен. Көптеген зерттеушілер Таяу және Орта Шығыс елдерінде қолданылып жүрген цифрларының бір варианты (біздіңше 1234 56789 10) пайдаланылған деген жорамал жасайды). Әл-Хорезми және басқа араб математиктерінің бүтін сандарға амалдар қолдану жөніндегі үнділердің әдістерін көп жағдайда ықшамдап, жетілдіргені байқалады. Әсіресе, олардың сандардан түбір табу әдістерін жетілдіру туралы ізденістерінің маңызы зор болды. XV ғасырдағы көрнекті математик «Арифметика кілті» деп аталатын еңбегінде бүтін саннан кез-келген дәрежелі түбір табу әдісін келтіреді. Ол түбірдің бүтін бөлігін табу ежелгі Қытай математиктері еңбектерінде келтірілген. Қазіргі Риффини-Горнер әдісіне сәйкес әл-Кашині мұны қолдануды у 44240899506197 мысал арқылы түсіндіреді

Кілт сөздер: алгебра, үнді цифрлары, амалдар, бет, нүкте, философия, Араб астрономиясы, Ньютон биномы, Биномдық коэффициенттер, физикалық денелерден абстракциялануы

Әл-Хорезми толық есімі - Әбу Абдулла (немесе Әбу Жафар) Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми) - Орта ғасырлық Ұлы ғалым - математик, астроном (жұлдызшы), тарихшы, географ. Әл Хорезмидің өмірі туралы мәліметтер өте аз сақталған. Әл-Хорезми есімі оның туған елін көрсетеді – ортаазиялық Хорезм мемлекеті. Әл-Хорезми жайында сақталған соңғы мәлімет 847 жылға сәйкес келеді. Оларға арифметика бойынша ең алғаш позициялық қағидаларға негізделген нұсқау жазылды. Сонымен қатар, оның алгебра және күнтізбе жайында трактаттары сақталды. Мұхаммед әйгілі «әл-жебр уәл-мұқабала кітабы» - «Қалпына келтіру және қарсы қою туралы кітап» кітабын (сызықты және квадратты теңдеулерді шешуге арналған) жазды, оның атынан “алгебра” атауы шықты. Оның алгебра бойынша трактатында геометрия, тригонометриялық кестелер және қалалардың ені мен ұзындығы жайында тараулар бар.

Әл-Хорезми нұсқауы арифметиканың дамуына өте маңызды рөл атқарды. Автордың есімі латындалған түрінде Algorismus және Algorithmus ортағасырлық Еуропада бүкіл ондық арифметика жүйесін білдіретін болды.

Геометрияның негізгі ұғымдарын баяндау олардың физикалық денелерден

абстракциялануының төменгі сатысынан жоғары сатысына қарай бағытталу керек, яғни «жекеден жалпыға көшу» жолы (дене-бет-сызық-нүкте); екінші жол бұған кері «жалпыдан жекеге» (нүкте-сызық-бет-нүкте) екінші жол қабылданған. Әл-Фараби оқыту мақсатында жазылған еңбектерінде бұл екі әдісті біріктіріп пайдалануды жақтайды. Жоғарыда Әл-Фарабидің Евклидті пифагоршіл және тек синтез әдісімен шектелген деп айтуының өзі осыған саяды. Ол ғылым жасау, баяндау барысында анализ бен синтез әдістерін ұштастырып отырудың қажеттілігін айтып қана қоймай, өзінің ең басты шығармасы болып саналатын «Музыканың ұлы кітабында» осы принципті іс жүзіне асырудың тамаша үлгісін береді. Әл-Фарабидың ғылыми-методикалық бұл бастамасы да жаратылыстану ғылымдарының тарихында үлкен табыс болды. Әл-Фараби Евклидтен көп үйреніп, оның «Бастамаларын» өз заманына лайықтап пайдалана білген, алайда математиканы басқа жаратылыстану ғылымдарының практикалық кәдесіне жаратуда ол Евклид және басқа ежелгі грек математиктерінен әлдеқайда озық кетеді. Әл-Фарабидің бұл жаңашылдығының негізі оның философиялық, методологиялық дұрыс қағидаларды, принциптерді басшылыққа алып, ғылыми жаңа әдістерді қолдана білуінде жатыр. Әл-Фарабидің математиканы философиялық негіздеу туралы ізденістері мен мұраттары математиканы дамытуда, оны оқытуда дұрыс бағыт-бағдар жол-жоба көрсетті деп нақты айтуға болады. Мәселен, оның Евклидтің «Бастамаларына» еңбекті жаңаша, терең зерттеуге күшті ықпал жасайды. Әл-Фарабиден кейін өмір сүрген оның шәкірттері, ізбасарлары саналатын Орта Азия математиктері Әбу-Әли ибн Сина, Омар Хайям, Насыреддин ат-Туси тағы басқалары Евклид «Бастамаларына» арнайы түсініктемелер жазып, математикада елеулі жаңалықтар ашады.

АРАБТАРДЫҢ АРИФМЕТИКАСЫ

Арабтардың арифметикасы, әл-Хорезмидің «Үнді есебінен» басталады. Мұның бірінші белігінде санаудың үнділік ондық позициялық жүйесі жөнінде түсінік берді, яғни мұнда кез-келген санды тоғыз «Үнді цифрлары» және нөл танбасы арқылы қалай кескіндеуге болатыны көрсетіледі, екіншісінде бүтін сандарға, ал соңғы бөлімінде алпыстық және жай бөлшектерге амалдар қолдану ережелері айтылады, квадрат түбір табу әдістері көрсетіледі... Позициялық ондық жүйеде сандардың жазылу әдісін түсіндіре келіп әл-Хорезми бірлік, ондық, жүздік және мыңдық атауларды ғана пайдаланып үлкен сандарды атауды үйретеді. Мысалы, 1180703051492803. Сонан кейін үнді үлгісі бойынша арифметикалық Молдар орындау мұқият түсіндіріледі амалдарды үлкен разрядтан бастап орындау талап етіледі. Әл-Хорезми екі еселеу және екіге белу өз алдына дербес амалдар деп санайды.

Әл-Хорезмидің сандарды қандай цифрлар арқылы пайдаланғаны белгісіз, өйткені оның арифметикалық трактатының арабша қолжазбасы белгісіз, оның латынша аудармасы ғана бізге жеткен. Көптеген зерттеушілер Таяу және Орта Шығыс елдерінде қолданылып жүрген цифрларының бір варианты (біздіңше 1234 56789 10) пайдаланылған деген жорымал жасайды). Әл-Хорезми және басқа араб математиктерінің бүтін сандарға амалдар қолдану жөніндегі үнділердің әдістерін көп жағдайда ықшамдап, жетілдіргені байқалады. Әсіресе, олардың сандардан түбір табу әдістерін жетілдіру туралы ізденістерінің маңызы зор болды. XV ғасырдағы көрнекті математик «Арифметика кілті» деп аталатын еңбегінде бүтін саннан кез-келген дәрежелі түбір табу әдісін келтіреді. Ол түбірдің бүтін бөлігін табу ежелгі Қытай математиктері еңбектерінде келтірілген. Қазіргі Риффини-Горнер әдісіне сәйкес әл-Каши мұны қолдануды 44240899506197 мысал арқылы түсіндіреді. Бұл түбірдің иррационал болған жағдайда бөлшек бөлігін табу үшін екі мушені (биномды) кез келген натурал дәрежеге шығару ережесі келтіріледі. Бұл біз білетін «Ньютон биномы».

Биномдық коэффициенттерді әл-Каши $S_d - C + C_t$ формуласына сай келетін аддитивтік ереже арқылы табады да, олардың $p-9$ -ға дейінгі кестесін келтіреді.

9

36 8

8428 7

126 56 21 6

126 70 3515 5

8456 35 20 10 4

36 2821 15 10 6 3

9 8 7 65 4 3 2

Араб астрономиясында және бөлшек сандарды алпыстық жүйеде жазып, оларға амалдар қолдану ережелерін жетілдіруге үлкен мән берілген. Бұл жүйе бойынша 1-ден 59-ға дейінгі әрбір сан араб алфавитінің әріптерімен кескінделеді. Мұны «Әбжад» немесе «Жумал» сандары деп атайды (ескіше оқыған қазақтар мұны «әбжад есебі» деп атаған. Мұнда санның мәні әріптер мәндерінің қосындысын береді, ондық әріптер бірлік әріптердің оң жағына жазылады. Нөл айрықша таңбамен белгіленеді. Басқа бүтін және бөлшек сандар нұсқаларда оларды атақты математик Омар Хаям көп қолданылатын бүтін $a \#60 \rightarrow a_n - 1 \cdot 60^{n-1} + a_{n-1} \cdot 60^{n-2} + \dots + a_1 \cdot 60 - m$ түрінде жазылады. Бөлшек разрядтар грек дәстүрі бойынша минут, секунд, тенцин т. с. бірлік заряд-градус, ал одан жоғары алпыстық зарядтар «бірінші көтерме» екінші көтерме т.с.с. аталған.

Алпыстық жүйеде жазылған сандарға амалдар қолдану мәселелері тағы да сол әл-Кашидің «Арифметика кілтінде» баяндалады. «Математика кілтінде» терең де толық математика тарихшыларының бір ауыздан құптауы бойынша материалдық байлығы, баяндау анықтамалары мен құрылымы жөнінде бүкіл орта ғасырлық әдебиеттердің ішінде Әл-Кашидің бұған пара-пар келер шығарма «Арифметика кілті» орыс тіліне аударып басылды. Әл-Кашидің әмірі мен қызметіне қатысты мағлұматтарды біз осы тараудың соңында мұнда әл-Кашидің өзіне дейінгі грек және араб математиктерінің бұл саладағы жетістіктерін қорытып баяндама дайындайды өз тарапынан да жаңалықтар қосады.

«Арифметика кілті» бес кітаптан тұрады: 1) сандар арифметикасы; 2) бөлшектер арифметикасы 3) астрономдар есебі туралы; 4) өлшеу туралы; 5) алгебра, жалған жору т. б. Әдістер арқылы белгісіздер табу туралы. «Арифметика кілті» бірнеше ғасыр бойы қайта-қайта көшіріліп кеңінен пайдаланылған 1889 ж. Тегеранда ол литографиялық тәсілмен басылып шықты.

Осы еңбектің бөлшектерге арналған екінші кітабын – әл-Кашидің тұңғыш рет ондық бөлшектер ұғымын енгізіп, оларға амалдар қолдану алпыстық бөлшектерді ондық бөлшектерге айналдыру жөнінде кеңес береді. Ондық бөлшектер Еуропа математикасында бұдан 150 жыл кейін пайда болып, жаппай қолданыла бастайды.

Араб математиктері теориялық арифметика мәселелерімен де көп шұғылданған. Анықталмаған теңдеулерді шешу әдістерін негізінен Диофанттың «Арифметикасынан» және үнділерден алғандары байқалады. Бұл салада олардың жаңалығын көрсетуге болады. Орта Азиядан шыққан математик Әбу Мұхаммед әл-Ходженди (1000 жылдары өлген) $x^2 + y^2 = z^2$ анықталмаған теңдеуінің рационал шешуі болмайтынын дәлелдеуге тырысады. Бұл атақты Ферм теоремасының ең бірінші дербес жағдайы.

«Ибн Корра Сабит р-3, 2»-1: 9-3: 2и-1— 1: г93 234-1 жай сандар болса, онда М- 2» р-ф және /N-2» сандары өзара қос сандар әрқайсысы екіншісінің бөлгіштерінің қосындысына тең болатынын көрсетеді. Мысалы. 2211 мен 284.

САН ҰҒЫМЫН КЕҢЕЙТУ

Алгебраның шын мәнінде Мухаммед әл-Хорезмидің «әл-жебр және ал-Му-кабала тәсілімен есептеудің қысқаша кітабында» белгіленіп шыққан аударылып, Еуропа елдерінде алгебра жөнінде негізгі құрал болды. Өз алдына дербес Ғылым көп Кітап негізінен бірінші және екінші дәрежелі теңдеулерді шешуге арналған. Мұнда әл-Хорезми алгебраға жана мағына береді, оны арифметикадан бөліп теңдеулер шешу жөніндегі өнерге

айналдырады. Ол тендеудің белгісізін «түбір» немесе «нәрсе» ал оның квадратын «мал» деп атайды.

Әл-Хорезми тендеуді теріс қосылғыш болмайтындай етіп түрлендіреді. Сонда сызықтық және квадрат тендеулер мынадай алты түрге ажыратылады.

- 1) квадраттар түбірлерге тең $ax^2 = bx$.
- 2) квадраттар санға тең $ax^2 = c$,
- 3) түбірлер санға тең $ax = c$,
- 4) квадраттар мен түбірлер санға тең $ax^2 + bx = c$,
- 5) квадраттар мен сандар түбірлерге тең $ax^2 + c = bx$,
- 6) түбірлер мен сандар квадраттарға тең $Bx + c = ax^2$

Кез келген тендеу осы түрлердің біріне келтірілуі керек. Мұнда кітаптың атында келтірілген «Әл-жебр» және «әл-мукабала» әдістері қолданылады. Әл-жебр амалы тендеудің бір жағында теріс мүше болса, одан құтылуға мүмкіндік береді: екі жағына да сол мүшеге тең мүшелер қосылады. Әрі қарай әл-мукабала әдісі арқылы салыстыру арқылы ұқсас мүшелері біріктіріледі. Сонымен қатар квадрат тендеулердің бас коэффициенті бірге келтіріледі. Өйткені әл-Хорезми трактатында оларды шешу ережелері осы жағдай үшін тұжырымдалған.

Мысалы, есеп шарты $x - (10 - x) = 2 \cdot 58$ немесе $2 \cdot 34 + 100 - 20x = 58$ түрінде әл-Жебр амалы арқылы $2x + 100 - 58 = 20x$, сонан сон берілсе, 2-ге бөліп, әл-мукабала арқылы $xa + 21 - 10$ яғни жоғарыда көрсетілген канондық түрің бесіншісіне келтіреді.

Әл-Хорезми шешудің қазіргі квадрат тендеуді формуласына пара-пар сөз жүзінде шешу ережесін Әл-Хорезмидің келтіріп, онын дұрыстығын геометриялық дәлелдейді. Дәлелдеу сандар арқылы жүргізілгенмен оның дұрыстылығының жалпылығына нұқсан келмейді оның Әл-Хорезмидің кейіннен араб және Европа алгебрашылары қайталап көшірген $x + 10x = 39$ тендеуді қалай шешіп, оның дұрыстығы қалай дәлелденетінін шешу ережесінің қазіргі формулада қалай өрнектелетінін көрсетейік. «Квадрат және түбірлер санға тең, маселен бір квадрат және сол квадраттың 10 түбірі 39 саны бар болу үшін, яғни квадратқа оның 10 түбірін қосқандағы нәтиже 39-ға тең болу үшін ол квадрат қандай болу керек?

Шешу жолы: түбірлердің санын қак бөл; сонда ол 5 болады. Бул санды өзіне-өзін көбейт, сонда 25 болады. Осы санға 39-ды қос, сонда 64 шығады. Енді 64-тен түбір тап, ол 8 болады. Бул түбірден түбірлер санының жартысы 5-ті алып таста, сонда 3 қалады. Міне осы сан іздеп отырған квадраттың түбірі болады, ал квадраттың өзі 9-ға тең».

Әл-Хорезмидің алгебралық трактатында геометрия мәселелеріне арналған білім бар. Мұнда көптеген есептер тендеу құру арқылы алгебралық әдіспен шешіледі.

Әл-Хорезмиден кейін алгебра саласында зерттеулер жүргізіп, бұл ғылымды онан әрі дамытушылар ішінде шамамен 850-930 жылдары өмір сүрген Мысырдан шыққан математик Әбу Камил әл-Мисриды айрықша атау қажет. Ол «Алгебра және әл-мукабала» атты трактатың авторы. Әбу квадрат тендеулермен шектеледі. Алайда ол ал-Хорезмиге теориялық жағынан да, практикалық жағынан да көп өзгерістер енгізеді. Әсіресе мысалдар көп келтіріледі және алгебралық түрлендірулерге көп көңіл бөледі. Ережелерді жатырқамай пайдаланады. Әбу Камил өлшемдес кесінділер қатынасы мен кесінділер қатынасын ажыратпайды; Бул екеуі не рационал, не иррационал сан болады деп қарайды. Осы сияқты Әбу Камилдің тендеулер теориясында квадрат иррационалдықтар табиғаты арифметикалық объектілер ретінде, яғни толық құқылы сандар ретінде қызмет атқарады. Олар тендеулердің түбірі де коэффициенттері түрінде де болып кездеседі. Бірінші жағдай әл-Хорезмиде өте сирек, ал екінші жағдай мүлде кездеспейді.

Мұндай мысалдар Әбу Камилдің еңбектерінде кездеседі. Алгебра қойнауындағы мұндай арифметикалық бағыт-бағдар нақты сандар ұғымының шығуының алгебрасында көп негізгі себепші болған алты шарттардың бірі ел біліп жаңалықтардың қадір-қасиетін

жұрттан бұрын оны теориялық жағынан негіздеуші әл-Фараби болды. Ол алгебра ғылымының тұңғыш анықтамасын береді және алгебралық зерттеулердің табиғаты міндет-сандар ұғымын енгізуді қажет ететінін тұжырымдайды. Өзінің «Ғылымдар тізбегінде» ол алгебраны айла әрекеттер туралы ғылымға жатқызып былай анықтайтын; «Айла-әрекеттер жөніндегі ғылымның бір түріне сандық әдістер жатады. Бұлар әр түрлі болып келеді. Бұлардың ішінде қазіргі кезде алгебра әл-мукабала деп аталатын ғылым және тағы басқалар бар. Алгебра мен әл-мукабала алгебра мен геометрияға ортақ ғылым. Ол Евклидтің «Бастамаларының» оныншы кітабында және басқа еңбектерінде келтірілген рационал және иррационал шамалаға сәйкес сандарды табудың әр түрлі әдістерін қарастырады. Рационал және иррационал шамалардың бір-біріне қатынасы сандар мен сандардың қатынасындай болатындықтан, әрбір сан өзінің шамасы (мөлшері) бойынша рационал немесе иррационал шамаға тен болады. Сондықтан егер шамасы кейбір шамалаға тең сандар табылса онда белгілі бір әдіспен сол шамалардың өзі де табылады. Шамасы рационал шамаларға тен кейбір сандар рационал болып саналады, ол шамалар иррационал шамаларға тен кейбір сандар иррационал болып саналады».

Араб халифатының Орталығы болған Бағдад қаласындағы "Даналық үйі" болған. Бұл ғылыми Академияға халифаттың, дүние жүзінің түкіпір-түкпірінен данышпан ғалымдар жиналған және аса ірі обсерватория және ғылыми-тарихи қолжазбалар қоры мол кітапхана бар еді Әл-Хорезми өзінің ұрпаққа өлмес мұра етіп қалдырған төмендегідей 9 ірі көлемді шығармалардың авторы болып саналады:

1. Үндістан арифметикасы туралы кітап - Көне Үндістан есептерінің және амалдарының талдануына арналған;
2. Алгебра (Ал-джабр) және алмукабаланың есептеулері туралы қысқаша кітап - Алгебра ғылымының негізгі қағидалары мен амалдарын жинақтауға арналған;
3. Астрономиялық таблицалар (зидж) - Жұлдызнамалық еңбек, яғни аспан денелерінің, ғаламшарлардың қозғалысын зерттеуге арналған;
4. Жер шары бейнесінің кітабы - Планетамыздың жағрафиясы, яғни Жер бедерін, елдер мен өзен, көлдерді, таулар мен шөлдердің орналасуын анықтап, картаға түсіруге бағытталған;
5. Астролябияның көмегімен жасалатын зерттеу әдістері туралы кітап;
6. Күн сағаттары туралы кітап;
7. Еврейлер дәуірінің (пайғамбарлар дәуірі) сипаты және оның мейрамдары туралы трактат;
8. Тарих кітабы – адамзат тарихына арналған туынды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кобесов А. Математика тарихы. Алматы, Қазақ университеті. 1993 ж
- 2 Кольман Э.Я. История математики в древности Москва. 1961 г
- 3 Жәутіков О.А. Математиканың даму тарихы. Алматы, 1967 ж
- 4 Аль Фараби. Комментарии к «Алмагесту», Птоломея. Алма-Ата. 1975 г

Аннотация: В этой статье рассмотрены Арифметика арабов начинается с «индийского счета» аль-Хорезми. Первая часть дает представление об индийской десятичной позиционной системе счета, то есть о том, как представить любое число девятью «индийскими цифрами» и знаком нуля, вторая часть описывает правила операций с целыми числами, а последняя часть описывает правила операций с шестнадцатеричными и простыми дробями. Аль-Хорезми объясняет способ записи чисел в позиционной десятичной системе счисления, десятичной. учит называть большие числа, используя только сотни и тысячи имен. Например, 1180703051492803. Тогда, согласно индийской модели, выполнение арифметических форм требует выполнения чудодейственных пояснительных операций на крупномасштабном бюсте. Аль-Хорезми считает дублирование и разделение независимыми операциями. Неизвестно, под какими числами аль-Хорезми использовал числа, поскольку арабский манускрипт его арифметического трактата неизвестен, и сохранился

только его латинский перевод. Многие исследователи предполагают, что использовался один из вариантов чисел, используемых на Ближнем Востоке (1234 56789 10 на наш взгляд). Аль-Хорезми и другие арабские математики в значительной степени упростили и усовершенствовали индийские методы применения операций с целыми числами. Особенно важен был их поиск способов найти корни чисел. Выдающийся математик 15 века в своей книге «Ключ к арифметике» дал метод нахождения любого квадратного корня из целого числа. Обнаружение целостности этого корня дается в трудах древнекитайских математиков. Согласно современному методу Риффини-Горнера, аль-Каши объясняет его использование на примере 44240899506197.

Ключевые слова: алгебра, индийские числа, операции, лица, точки, философия, арабская астрономия, бином Ньютона, биномиальные коэффициенты, абстракция от физических тел

Abstract: This article discusses the arithmetic of the Arabs begins with the "Indian account" of al-Khwarizmi. The first part gives a representation of the Indian decimal positioning system of accounts, that is, as to represent any number of ninety "Indian figures" and the zero mark, the second part describes the rules of operations with the whole number of operations, the whole number. ... Al-Khwarizmi explains the method of recording numbers in the positional decimal system of decimal, decimal. learns to call big numbers, using only hundreds and thousands of names. For example, 1180703051492803. Then, according to the Indian model, the performance of arithmetic forms requires the performance of miraculous explanatory operations on a large-scale bust. Al-Khwarizmi considers duplication and separation to be independent operations. It is not known under what numbers al-Khwarizmi used the number, since the Arabic manuscript of his arithmetic treatise is unknown, and only his Latin translation was preserved. Many researchers have suggested that one of the variants used in the Middle East (1234 56789 10 in our view). Al-Khwarizmi and other Arabic mathematicians simplified and perfected Indian methods of using operations with whole numbers. Especially important was their search for ways to find the root number. An outstanding mathematician of the 15th century in his book "The Key to Arithmetic" gave the method of finding any square root of the whole number. The discovery of the integrity of this root is given in the work of ancient Chinese mathematicians. Consistent with the modern Riffini-Gorner method, al-Kashi explains its use in Example 44240899506197.

Keywords: algebra, Indian numbers, operations, faces, points, philosophy, Arabic astronomy, Newton's binomial, binomial coefficients, abstraction from physical bodies

УДК: 517.9 (075.8)

Байдибекова А.О.

педагог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ОМАР ХАЙЯМ: КУБ ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ

Түйін: Бұл мақалада ойшыл ақын, терең философ математик-Омар ибн Ибрагим әл-Хайямның математика тарихында куб теңдеулерді қалай шешкені жөнінде айтылады. Омар ибн Ибрагим әл-Хайям Хорасанның ірі қалаларының бірі-Нисапурдан шыққан. Алайда оның өмірінің түрлі кезеңдері Орта Азия мен Иранның Самарқан, Мерв (қазіргі Мари), Исфаған, Рей және басқа қалаларында өтті. Бұл Орта Азияда көшпелі түрік тайпаларының бірі селжұк сұлтандарының дәуірлеп тұрған кезі болатын. Омар Хайям-ең әуелі сырға толы парасатты пайымдаулар мен рубаяттардың авторы. Ол бірнеше терең мағыналы философиялық трактаттар жазып қалдырған. Омар Хайямды 1074 жылы сұлтан Жалеледин Мәлік шахтың сарайына шақыртып Исфағандағы обсерваториясын басқартады. Мұнда ол ғылым тарихында Мәлік немесе Жалеледин эрасы күнпарағының жобасын жасайды. Бұл жоба бойынша Омар Хайям әрбірі 33 жылда 8 кібісе жыл болуы тиіс: 7 рет әрбір 4 жылдан кейін, 1 рет 5 жылдан кейін. Сонда 6 мың жылда барып жинақталған қате 1 тәуліктей болады екен. Бұл үлкен дәлдік. Таққа таласудан туған сарай төңкерісінің күнпарақ іске аспай, ұмыт болады. Омар Хайям-энциклопедист. Оның бізге жеткен шығармаларының барлығы орыс тіліне аударылып, жарық көрді. Хайямның ғылыми еңбектерінің тарих үшін ең маңыздыларының бірі «Алгебра және әл-мукабала мәселелерін дәлелдеу туралы» атты жинағы. Бұл әл-Хорезмидің алгебралық трактатының занды жалғасы болып саналады. Омар Хайям бұл трактатында әл-Фараби және басқа математиктердің алгебра пәні жөніндегі пікірлерін дамытып, алгебра пәнінің анықтамасын нақтылай түседі. Оның мақсатнамасында алгебра және әл-

мукабала өнері-ғылыми өнер ретінде саналады.

Кілт сөздер: алгебралық трактат, биквадрат теңдеуі, Квадрат теңдеу, жоғары деңгейлі теңдеулер, Бағдат математигі, әлемтану, Исфахан обсерваториясы, энциклопедист, куб.

Әбу Камилдің алгебралық трактатында квадрат теңдеулерге келетін биквадрат және басқа жоғары дәрежелі теңдеулер де кездеседі. Мысалы,

$$\begin{cases} x^2 + y^2 = z^2 \\ x^2 = y^2 \quad (x < y < z) \end{cases}$$

$$xy=10$$

жүйесі $8x^8+100x^4=10000$ теңдеуіне келеді. Шешуі:

$$x = \sqrt[4]{12500 - 50}$$

X-XI ғасырда өмір сүрген бағдат математигі әл-Қараджи өзінің бағдат патшасының уәзірі Фахр әл-Мүлкке арнап жазған кітабында («Әл-Фахриде») әл-Хорезми бен Әбу Қамилге едәуір толықтырулар жасайды. Ол, мәселен, Диофанттың жолын қуып, белгісіздің әр түрлі жоғары дәрежелерінің қалай пайда болатынын түсіндіреді:

x^5 –квадрат-куб, x^6 –кубо-куб деп осылай x^9 -кубо-кубо-куб деп мұны шексіз айта беруге болатынын көрсетеді. Ол алгебралық есептеулерді жетілдіріп, мынадай ережелер тағайындайды:

$$\left| \frac{1}{2} \left[\frac{a^2 + b^2}{a - b} + (a - b) \right] \right| = a; \quad \left| \frac{1}{2} \left[\frac{a^2 + b^2}{a - b} + (a - b) \right] \right| = b;$$

Дегенмен, әл-Қараджидің алгебрадағы негізгі жаңалығы ол квадрат теңдеуге келетін

$$a^{2n} + bx^n = c, \quad a^{2n} + c = bx^n, \quad bx^n + c = a^{2n} \text{ және}$$

$$a^{2n-m} = bx^{n-m} + cx^m,$$

түріндегі үш мүшелі жоғары дәрежелі теңдеулерді жүйелі түрде қарастыруы болып табылады.

Араб математиктері жоғары дәрежелі теңдеулерді шешу жөніндегі қомақты да салдарлы табысы – куб теңдеулерді шешудің геометриялық теориясын жасауы болды.

«Дүниенің бар түкпірін оймен шолдым,

Сатурнның сырын да танып болдым,

Сан тосқаул, шиелер шешілгенмен,

О, ажал жалғыз жұмбақ қалып қойдың».

Өзінің поэтикалық өлмес туындылары – рубаяттарының бірінде Омар Хайям дүние-тану тұрғысындағы табыстары биіктерін осылайша бейнелейді.

Ойшыл ақын, терең философ, асқан математик-Омар ибн Ибрагим әл-Хайям (1048-1130) Хорасанның (Иран) ірі қалаларының бірі – Нишапурдан шыққан. Алайда оның өмірінің түрлі кезеңдері Орта Азия мен Иранның Самарқан, Мерв (қазіргі Мари), Исфаған, Рей және басқа қалаларында өтті. Бұл Орта Азияда көшпелі түрік тайпаларының бірі селжүк сұлтандарының дәуірлеп тұрған кезі болатын.

Омар Хайям – ең әуелі сырға толы парасатты пайымдаулар мен рубаяттардың авторы. Ол бірнеше терең мағыналы философиялық трактаттар жазып қалдырған. Омар Хайямды 1074 жылы сұлтан Жалеледдин Мәлік шахтың сарайына шақыртып Исфағандағы обсерваториясын басқартады. Мұнда ол ғылым тарихында Мәлік немесе Жалеледин эрасы күнпарағының жобасын жасайды. Бұл жоба бойынша Омар Хайям әрбірі 33 жылда 8 кібісе жыл болуы тиіс: 7 рет әрбір 4 жылдан кейін, 1 рет 5 жылдан кейін. Сонда 6 мың жылда барып жинақталған қате 1 тәуліктей болады екен. Бұл үлкен дәлдік. Таққа таласудан туған сарай төңкерісінің күнпарақ іске аспай, ұмыт болады.

Омар Хайям-энциклопедист. Оның бізге жеткен шығармаларының барлығы орыс тіліне аударылып, жарық көрді. Хайямның ғылыми еңбектерінің тарих үшін ең маңыздыларының бірі «Алгебра және әл-мукабала мәселелерін дәлелдеу туралы» атты жинағы. Бұл әл-Хорезмидің алгебралық трактатының заңды жалғасы болып саналады. Омар Хайям бұл трактатында әл-Фараби және басқа математиктердің алгебра пәні

жөніндегі пікірлерін дамытып, алгебра пәнінің анықтамасын нақтылай түседі. Оның мақсатнамасында алгебра және әл-мукабала өнері – ғылыми өнер ретінде саналады. Оның пәні – белгісіз бола тұра, басқа бір белгілі шамаларға қатыстырылып анықталатын абсолют санды немесе кесіндіні табу, алгебралық есептеулерді теңдеу арқылы өрнектеу.

Хайямның алгебрасының негізгі мазмұны-теңдеулерді классификациялау, түбірлерді геометриялық әдіспен салу жолдарын көрсету, оң шешулерінің саны мен шекараларын анықтау. Теңдеулер сөз арқылы жалпы түрде қарастырылады, яғни коэффициенттері кез келген оң сан болады.

Егер әл-Хорезми бірінші және екінші дәрежелі (квадрат) теңдеулерді алты канондық түрге келтірген болса, Омар Хайям оларға басқа да түрлер және куб теңдеулерді қосып, барлығы 25 түрлі теңдеуді қарастырады. Бұлардың ішінде куб теңдеуге жататыны – 14. Осылардың шешулерін геометриялық жолмен, яғни конустық қималар арқылы салу әдістерін береді. Басқаша айтқанда, ол әрбір қарастырылып отырған куб теңдеудің түбірін тиісті түрде сәйкестендіріп, алынған шеңбер, парабола, гиперболалардың қиылысу нүктесінің координаттары ретінде табады. Толық болмаса да салынған түбірлерге зерттеу жүргізеді. Мысалы: $x^3+ax=b$ түрінде теңдеуді геометриялық теоремалар арқылы екі жағын бірдей өлшемге келтіреді:

$$x^3+px^2=q$$

Бұл теңдеу $x^2 + y^2 = qx$ шеңбері мен $x^2=py$ параболасы арқылы шешіледі; оның түбірі осы қисықтардың қиылысу нүктесінің абсциссасы болады. Мұның дұрыстығын Хайям сөз арқылы берілген прапорциялар арқылы дәлелдиді. Оның айтуы бойынша параболаның қасиеті бойынша $\frac{p}{x} = \frac{x}{y}$, ал дөңгелектің қасиеті бойынша $\frac{x}{y} = \frac{x}{q-x}$ шығады сонда

$$\frac{p^2}{x^2} = \frac{x}{q-x} : p^2(q-x) = x^3$$

Қорыта айтқанда, Омар Хайям - үшінші дәрежелі теңдеулерді саралап, оларды геометриялық шешу жолын бір жүйеге салуға талпынған тұңғыш математик. Ол куб теңдеулердің квадрат теңдеулер сияқты сандық шешу жолын табу мәселесіне де назар аударады, бірақ ондай ережені таба алмағанын мойындайды. Мұны ол өзінен кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырады, үшінші және төртінші дәрежелі теңдеулерді радикалдар арқылы шешудің түрлерін Омар Хайямнан 400 жыл кейін XVI ғасырда Европада Италия алгебрашылары Тарталья, Кардано, Феррари тапқан.

Араб математиктерінің төртінші дәрежелі теңдеулердің геометриялық теориясын жасауға талпынысы жайында деректер де бар. Мәселен, әл-Каши («Арифметика кілтінде»; «Төртінші дәрежелі теңдеулерді 70 түрге келтіріп шештім; оған арнайы трактат арнадым» деп дәлелдейді. Ол еңбектің жазылғаны немесе жазылмағаны бізге белгісіз. Араб математиктері куб теңдеулердің рандық шешуін жуықтап табу туралы да бағалы ізденістер жасап, елеулі табыстарға жеткен. Ол туралы осы тартудың есептеу математикасына арналған соңғы бөлімінде айтылады.

ГЕОМЕТРИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ. КОНСТРУКТИВТІК ГЕОМЕТРИЯ.

Арабтардың геометриялық білімдері ежелгі грек және үнді математиктерінің, әсіресе Евклид пен Геронның еңбектерін игеруден басталады да, кейіннен өз беттерінше жана зерттеулермен толықтырылады. Мұнда олар әсіресе, практикалық мәні бар геометрия мәселелеріне баса назар аударғаны байқалады.

Әл-Хорезмидің алгебралық трактатының геометриялық бөлімінде фигураларды өлшеу ережелері жинақталып, үшбұрыштарға берілген есептерді шешуге алгебралық әдістің (теңдеудің) қолданылу жолдары көрсетіледі. Оның қарастырған бірсыпыра есептері Геронның есептерімен дәл келеді. мұнда жаңадан қосылған мәселелер де бар (мысалы, дөңгелек сегментінің ауданын табу ережесі). Шеңбер ұзындығының диаметрге қатынасы үшін әл-Хорезми үш мәнді көрсетеді: $3\frac{1}{7}$, $\sqrt{10}$ және $\frac{62832}{20000}$. Мұның біріншісі Героннан, ал қалған екеуі үнділіктерден алынған сияқты.

Араб математиктерінен геометрияға арнайы тұңғыш еңбек жазғандар – Мұса балалары немесе Бану Мұса (IX ғасырдың бірінші жартысы). Бұлардың әкесі Мұса ибн Шәкір жасында жол торыған керуен тонаған қарақшы болған, кейін бұзақылық жолды тастап, сарай маңында жұмыс істеп үш баласын оқытқан. Бұлардың жазған трактаты «Ағайынды үшеудің геометриясы» деп аталады. Бұл гректердің геометриялық білімдері негізінде жазылған шығарма. Алайда, Бану Мұса бірсыпыра жаңалықтар қосқан. Мәселен Герон формуласының жаңа дәлелі келтіріледі. Эллипс сызу әдісі беріледі. Бұл әдіс бойынша екі фокусқа ұзындығы салынатын эллипстің үлкен өсіне тең жіп бекітіледі. Жіпті кере жүргізілген қарындаштың ұшы эллипс сызып шығарады.

Геометрия тарихында өзіндік орны бар бір үлкен шығарманы әл-Фараби жазған. Бұл еңбектің мазмұны 1969 жылға дейін әл-Фарабидің жолын қуушы Бағдад математигі Әбу-л-Вафанн (840-998) «Қолөнершілерге геометриялық салу өнерінің қажеті туралы» атты кітабы бойынша мәлім болып келді. Зерттеулер Әбу-л-Вафв ұстазы әл-Фараби трактатын түгелдей дерлік кітабына енгізгенін толық дәлелдеп отыр.

Әл-Фарабидің «Табиғат сырын геометриялық фигуралар арқылы танытарлық рухани айла-әрекеттер» деп аталатын бұл шығармасы орыс тілінде аударылып, басылып шықты. Ол түгелдей қолданбалы геометрия мәселелеріне арналған. Мұнда 150-ге тарта геометриялы салу есебінің шешуі көрсетілген, сурет-сызбалары салынған. Он бес есеп сызғыш пен адымы тұрақты циркуль арқылы шешіледі. Мұндай салу есептері жер бетінде практикалық өлшеулерде радиусы әр түрді шеңберлер сызу болған сияқты. Мұндай әрекеттер бұрынғы өткен математиктерде де кездеседі, әл-Фараби мұндай есептерді топтап, жинастырып конструктивті геометрияның белді бір мәселесі етіп қояды.

Әл-Фарабидің бұл трактаты кіріспеден, он мақаладан тұрады. Бірінші мақала негізгі салу есептерін; арналған. Мұнда шеңбердің центрін табу шеңбер: жанама жүргізу, бұрышты тең үшке бөлу (трисекциялау) парабола сызу сияқты 13 есепті салу әдістері: қарастырылған. Екінші мақала тең қабырғалы фигураларды салуға арналған. Мұнда дұрыс үшбұрыш, төртбұрыш, бесбұрыш, алтыбұрыш, жетібұрыш, сегізбұрыш, онбұрышты салу әдістері көрсетілген (11-есеп). Үшінші мақала шеңберге іштей сызылған фигураларға арналған. Мұнда әлгі айтылған дұрыс көпбұрыштардың шеңбер ішіне салу тәсілдері айтылады (15-есеп). Төртінші мақала әр түрлі фигураларға сырттай шеңбер сызу мәселесіне арналған (6-есеп). Бесінші мақалада үшбұрышқа іштей шеңбер сызу қарастырылады (2-есеп). Алтыншы мақала кейбір фигураларды басқа фигураларға іштей салуға арналған. Мұнда квадратқа іштей үшбұрыш, үшбұрышқа іштей үшбұрыш, бесбұрышқа іштей үшбұрыш, үшбұрышқа іштей бесбұрыш, бесбұрышқа іштей квадрат, квадратқа іштей сегізбұрыш салу сияқты 23 есеп қарастырылған. Жетінші мақала үшбұрыштарды бөлуге арналған. Мұнда берілген үшбұрышты түзу сызық арқылы тең екіге, үшке, төртке бөлу, үшбұрыш ішіне оған ұқсас, ал ауданы екі, үш т. б. есе кіші болатын үшбұрыш салу сияқты 9 есеп келтірілген.

(Сегізінші мақала төртбұрыштарды бөлуге арналған. Мұнда берілген төртбұрышты түзу арқылы тең екіге, үшке, төртке т. б. бөлу, берілген квадратты бірнеше есе арттыру немесе кеміту, дөңгелекті теңдей бөліктерге бөлу сияқты 34 есептік салу тәсілі баяндалған. Тоғызыншы мақала квадратты бөлуге және оны құрастыруға арналған. Мұнда квадратты бірнеше тең бөліктерге және берілген бірнеше квадраттан бір квадрат құрастыруға арналған 18 есептің шешуі қамтылған. Оныншы мақалада шар бетін (сфераны) бөлу әдістері айтылады. Мұнда шарға іштей октаэдр, тетраэдр, куб, икосэдр сияқты көпжақтарды салуға арналған 10 есеп бар. Салу есептерінің шешу тәсілдерінің едәуір бөлігін әл-Фараби грек математиктері Евклид, Архимед, Героннан, біразын Ибн Корра Сабит сияқты аға-замандас араб математиктерінен алғандығы байқалады. Оның негізгі жетістігі – әр жерде шашырап жүрген геометриялық салу есептері жөніндегі материалдарды жинастырып бір жүйеге келтірген принциптерін тағайындаған, геометрияның белгілі бір саласына айналдырған (рухани айла-әрекеттер). Қорыта

айтқанда, әл-Фарабиді ' қазіргі конструктивтік геометрияның негізін салушы деп батыл айтуға болады. Бұл тұрғыдан әл-Фараби еңбегін алгебраны арифметикадан бөліп дербес пән жасаған Мұхаммед әл-Хорезмидің еңбегімен қатар қоюға болады.

Әл-Фараби қолда бар дүниені ұқсатушы, жүйеге келтіруші ғана емес, өз тарапынан көптеген салу есептерінің шешу әдісін ұсынған үлкен геометр. Мысалы, әл-Фараби параболаны нүктелер арқылы салудың бұрынғы математиктерде кездеспеген екі әдісін келтіреді. Пифагор теоремасының жаңа бір көрнекті дәлелін береді, дұрыс жетібұрышты жуықтап салады көпбұрыштарды түрлендірулерге гомотетия әдісін пайдаланады. кеңістікте салу есептерінің кейбір түрлерін қарастырады, шығару тәсілдерін жан-жақты іздестіреді. Кейін, XVI ғасырда дәл осындай, есептерді шешумен ұлы суретші ғалым Леонардо да Винчи де айналысқан, оның салуларында тіпті әл-Фарабимен дәлме-дәл келетін жерлер бар. Леонардо да Винчи заманында әл-Фарабидің есімі, ғылыми еңбектері Европада кеңінен мәлім.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Кобесов А. Математика тарихы. Алматы, Қазақ университеті, 1993
- 2 Кольман Э.Я. История математики в древности. Москва, 1961

Аннотация: В этой статье рассмотрены мыслитель - поэт, глубокий философ. Говорят, что великий математик Омар ибн Ибрагим аль-Хайям решил кубические уравнения в истории математики. Умар ибн Ибрагим аль-Хайям происходил из Нишапура, одного из крупнейших городов Хорасана. Однако разные этапы его жизни проходили в Самарканде, Мерве (ныне Мари), Исфахане, Рей и других городах Средней Азии и Ирана. Это было время султанов-сельджуков, одного из кочевых тюркских племен в Средней Азии. Омар Хайям был первым автором здравых суждений и рубаятов. Он написал несколько глубоких философских трактатов. В 1074 году Омар Хайям был приглашен во дворец султана Джалалуддина Малик-шаха и возглавил обсерваторию в Исфахане. Здесь он разработал календарь эпохи Малика или Жалеледина в истории науки. Согласно этому проекту у Омара Хайяма должно быть 8 високосных лет каждые 33 года: 7 раз каждые 4 года, 1 раз через 5 лет. Тогда погрешность, накопленная за 6 тысяч лет, составит около 1 суток. Это большая точность. Есть надежда, что календарь дворцового переворота, рожденный борьбой за престол, не сбудется. Омар Хайям - энциклопедист. Все его произведения переведены на русский язык. опубликовано. Одним из важнейших исторических произведений Хайяма является сборник «О доказательстве алгебры и Аль-Мукабала». Это законное продолжение алгебраического трактата аль-Хорезми. В этом трактате Омар Хайям развивает взгляды аль-Фараби и других математиков на предмет алгебры и разъясняет определение алгебры. Его цель - рассматривать искусство алгебры и аль-мукабала как научное искусство.

Ключевые слова: алгебраический трактат, биквадратное уравнение, квадратное уравнение, уравнения высокого уровня, багдадский математик, мироведение, Исфаханская обсерватория, энциклопедист, куб.

Absract: This article discusses the thinker - poet, deep philosopher OMAR KHAYYAM. It is said that the great mathematician Omar ibn Ibrahim al-Khayyam solved cubic equations in the history of mathematics. 'Umar ibn Ibrahim al-Khayyam came from Nishapur, one of the largest cities in Khorasan. However, different stages of his life took place in Samarkand, Merv (now Mari), Isfahan, Rey and other cities of Central Asia and Iran. This was the time of the Seljuk sultans, one of the nomadic Turkic tribes in Central Asia. Omar Khayyam was the first author of sound judgment and rubayats. He wrote several deep philosophical treatises. In 1074, Omar Khayyam was invited to the palace of Sultan Jalaluddin Malik Shah and headed the observatory in Isfahan. Here he developed the calendar of the era of Malik or Zhaleledin in the history of science. According to this project, Omar Khayyam should have 8 leap years every 33 years: 7 times every 4 years, 1 time every 5 years. Then the error accumulated over 6 thousand years will be about 1 days. This is great precision. There is a hope that the calendar of the palace coup, born of the struggle for the throne, will not come true. Omar Khayyam is an encyclopedist. All his works have been translated into Russian. published. One of the most important historical works of Khayyam is the collection "On the Proof of Algebra and Al-Mukabala". This is a legitimate continuation of the

algebraic treatise of al-Khwarizmi. In this treatise, Omar Khayyam develops the views of al-Farabi and other mathematicians on the subject of algebra and clarifies the definition of algebra. Its purpose is to view the art of algebra and al-muqabala as a scientific art.

Keywords: algebraic treatise, bi square the equation, the highest the equation, bardat mattigi, dynie-tanu, Isfagandagy observatory, encyclopedist, cubic.

UDC 625.712

Pernebekov S.S., Tortbayeva D.R., Ussipbayev U.F.

candidate of engineering, professor, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

candidate of engineering, senior lecturer, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

candidate of engineering, associate professor, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF TRANSPORT AND LOGISTICS POTENTIAL OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract: In modern economic conditions, the transport and logistics complex of the Republic of Kazakhstan lags far behind the level of development of the developing economy and does not fully satisfy the growing consumer demand for high quality transport services, accordingly, it urgently needs a number of significant organizational, structural, technological, scientific, technical and commercial and legal improvement. and reconstruction. In addition, the integrated approach itself in the provision of integrated logistics services in the country is not sufficiently developed. Therefore, the problem of developing and improving the transport and logistics system of Kazakhstan, which would meet the high requirements of various international standards of this sector of the economy, is very relevant today and will fully contribute to the full-fledged entry of the Republic of Kazakhstan into the world economic community as an equal partner.

Keywords: transport and logistics complex, transport and logistics potential, market relations, cargo transportation, transport, logistics, development, international transport potential.

One of the competitive advantages of the Republic of Kazakhstan is the transport and logistics potential, which is inextricably linked, on the one hand, with the peculiarities of the geographical location, on the other hand, with the level of development of the market of transport and logistics services, with the peculiarities of supply chain management in the customs territory of the Eurasian Economic Union.

Potential - the degree of power in some respect, the totality of the means necessary for something. The transport and logistics potential should be considered as a competitive advantage of a country or an integration association of countries, since it is a unique system consisting of interrelated and interdependent factors (geographical, climatic, mental), resources (natural resources, transport network, logistics infrastructure, human resources, production capacity, financial, economic), mechanisms (public administration and regulation, customs administration, public-private partnership, taxation, training of logistics personnel), conditions (doing business in the country, developing logistics, security), market participants (manufacturers, shippers, logistics operators, recipients), united by a network of business relations and built in a specific economic environment through and with the help of information and communication technologies in a single legal space.

The market of transport and logistics services is part of the transport and logistics potential. The modern transport and logistics system of the Republic of Kazakhstan is characterized by a high level of logistics costs. The total internal and external costs of logistics are about 20% of the gross domestic product, while in China 15%, in Europe 7-8%.

There are two opposite trends in the Kazakh market: the struggle for the level of quality of operations and innovation, the struggle for a low price, when quality and long-term relationships begin to fade into the background. This happens depending on the market situation and logistics companies need to find balance, make compromises to balance short and medium term goals.

